

УДК 316.422

ДУАЛДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Сейталиева Алима Ақділдақызы

alima_03_90@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Информатика кафедрасының 1 курс докторанты, Нұр-Сұлтан,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі- Н.Т.Шыңдалиев

Қазіргі уақытта Қазақстанның әлемнің ең дамыған отыз мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі стратегиялық міндеттер де, бәсекеге қабілетті білікті мамандарды даярлауға қойылатын талаптар да озық шет елдердің тәжірибесін тиімді пайдалану қажеттілігін күшейтеді. Тұжырымдамалық тұрғыдан алғанда, бұл салыстырмалы педагогиканың әсерінен отандық және шетелдік кәсіптік білім беру жүйелері негізінде теориялық зерттеулерді олардағы тарихи және болжамды жағдайлардың дамуымен қарастыру қажеттілігін тудырады. Сонымен қатар, озық мемлекеттердің білім беру тәжірибесін зерделеу өз елінің білім беру және тәрбиелеу жүйесіне лайықты педагогикалық инновацияларды енгізу, оның ішінде кәсіптік білім беру сапасын арттыру үшін мүмкіндіктер ашады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «..Дуальды кәсіптік білім беруді дамытудың маңызы зор. Бізге бұқаралық кәсіптер үшін кадрлар тапшылығын еңсеруге көмектесетін заманауи салалық біліктілік орталықтары қажет...» деп жолдауында көрсетілген міндеттемелер практикаға бағытталған дайындықты күшейтеді, яғни жоғары білім алу процесінде болашақ мамандарды болашақ кәсіби қызметін практикалық даярлау[1].

Барлығымыз білетіндей дуалды оқыту жүйесі Еуропа елдерінде бастау алды. Атап айтқандай, Германия, Франция, Ұлыбритания елдерінде.

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан Республикасында өндірістен қол үзбей білім алуға жағдай жасау туралы алға қойған міндеттерін шешу үшін келесі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілуде:

- лицейлер мен колледждердің материалдық-техникалық базасын жаңғырту. Соңғы 5 жылда техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін дамытуға 20 миллиард теңгеден астам, оның ішінде материалдық - техникалық базаны жаңғыртуға 2,1 миллиард теңге бөлінді.

- бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау үшін инновациялық технологияларды пайдалану. "Білімал" автоматтандырылған басқару жүйесін енгізу ақпараттық-білім беру қызметін білім беру процесінің әрбір қатысушысына жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, техникалық және кәсіптік білім беретін мемлекеттік оқу орындарының 25% - ында ЛУКАС НУЛЛЕ неміс фирмасы жасаған оқыту технологиялары қолданылады.

- кәсіптік оқытудың дуальді жүйесін енгізу арқылы әлеуметтік әріптестікті дамыту. Дуалды жүйені енгізу бойынша жекелеген іс-шаралар Алматы, Павлодар және Ақмола облыстарында GIZ халықаралық ынтымақтастық жөніндегі Герман қоғамымен бірлесіп басталды.

Кадрларды даярлауда дуалды оқыту элементтері бүгінде Қазақстанның 100-ден астам техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында белсенді енгізілуде. Негізінен ауыл шаруашылығы, көлік, металлургия, машина жасау, мұнай-газ, химия және тау-кен өндіру салалары саласында қолданылады[2].

Білім беру жүйесінде дуалды оқыту жағдайын жүзеге асыру үшін ең алдымен оның педагогикалық жағдайын қалыптастыру қажет. Білім беру жүйесінде дуалды оқыту жүйесін ұйымдастырудың педагогикалық жағдайларының теориялық негіздемесі В.В. Краевский пен И.В.Каганныңзерттеулерінің қорытындыларына негізделеді [3]. Теориялық деңгейде жүргізілген зерттеу оқыту жүйесінде дуалды білім беруді енгізу үшін келесі педагогикалық жағдайларды жүзеге асыру қажет екенін көрсетті [4]:

1. Нормативтік базаны әзірлеу;

2. Болашақ мамандардың еңбек функцияларының қосымша жиынтығын даярлау бағыты мен бейіні бойынша оқыту шеңберінде кәсіптік құзыреттерді қалыптастыру үшін жұмыс берушілердің қажеттілігін анықтау;

3. Жұмыс берушілердің талап етілген еңбек функцияларын қалыптастыру үшін білім беру жүйесінің оқу бағдарламаларын қосымша материалмен қамтамасыз ету, яғни мазмұны мен құрылымы жұмыс беруші ұйымдардың талаптарын қанағаттандыратын білім беру бағдарламасын әзірлеу қажет; жұмыс берушілер еңбек функциялары ретінде белгілеген кәсіби құзыреттерді қалыптастыру бойынша білім беру қызметінің маңызды сипаттамаларын анықтау;

4. Практикаға бағытталған білім беру жүйесінде дуалды оқыту мынадай тәсілдерді қамтиды: заманауи білім беру технологияларын қолдана отырып, жұмыс берушілердің сұранысы бойынша студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін игеру үшін пәнаралық интегративті жобалау жүйесін құру; практиканы ұйымдастыруға тәлімгерлікті тағайындау.

Енді осы жоғарыда берілген педагогикалық жағдайларды теориялық тұрғыда қарастырайық.

"Нормативтік базаны әзірлеу" бірінші шартын орындау үшін ғылыми әдебиеттерге талдау жүргізілді және елімізде жүзеге асырылған дуалды оқыту тәжірибесі зерделенді. Олар оны жүзеге асыруға арналған нормативтік база мынадай міндетті тізбеде ұсынылуға тиіс екенін көрсетті [5]:

1. Дуалды оқытуды ұйымдастыру туралы ереже кадрларды даярлаудың дуалды жүйесі ұғымын, білім беру бағдарламасының, білім беру процесіне қатысушылардың міндеттерін және олардың әрқайсысының рөлін айқындайды.

2. Дуалды оқытуды ұйымдастыру туралы шарт дуалды оқытуды бірлесіп ұйымдастыру және жүзеге асыру кезіндегі тараптардың міндеттерін, олардың өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілігін бекітеді.

3. Дуалды оқытуға қатысушылардың өзара іс-қимылының үлгілік жоспар-кестесі тараптардың өзара іс-қимылының егжей-тегжейлі тәртібін белгілейді.

4. Тәлімгерлік туралы Үлгілік ереже тәлімгердің мәртебесін, оның функцияларын, кандидаттарды іріктеу рәсімін, кәсіби құзыреттерге қойылатын талаптарды, тәлімгерлікті дамыту алгоритмдерін, тәлімгерлердің кәсіби қызметін бағалау жүйесін бекітеді.

Екінші педагогикалық шартқа сәйкес, білім алушылардың дайындық бағыты мен бейіні бойынша құзыреттіліктерін анықтау мен жұмыс берушінің біліктілік талаптарының тізбесін қамтитын сауалнама әзірленді (Кесте 1).

Кесте 1

Жұмыс берушінің біліктілік талаптарының тізбесінен үзінді

№	Жұмыс берушінің квалификациялық талаптары	Жұмыс беруші тарапынан берілетін түсініктеме

1	Мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес білім беру ұйымының негізгі жалпы білім беру бағдарламасын әзірлеуге қатысу	
2	Балалар өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету арқылы білім беру ұйымының қауіпсіз және психологиялық жайлы білім беру ортасын құруға қатысу	
3	Танымдық, шығармашылық білім беру қызмет түрлерін Ұйымдастыру	
4	Балалардың білім беру бағдарламасын игеруінің педагогикалық мониторингін ұйымдастыру және білім беру жұмысын талдау	
5	Оқу сабақтарының тиімділігін талдау	
6	АКТ құралдарын қолдану	
7	Білім берудің мақсатының, мазмұнының өзгеруі мен технологияларды алмастыру барысында кәсіби іс-әрекетті жүзеге асыру	

Үшінші шартқа сәйкес, білім беру жүйесінің оқу бағдарламаларын қосымша материалдармен қамтамасыз ету: мазмұны мен құрылымы жұмыс берушілер ұйымдарының талаптарын қанағаттандыратын білім беру бағдарламасын әзірлеу; жұмыс берушілер еңбек функциялары ретінде белгілеген кәсіби құзыреттерді қалыптастыру бойынша білім беру қызметінің маңызды сипаттамасын анықтау. Бұл кезде кез келген білім беру бағдарламасы дәстүрлі түрде құрылған білім беру бағдарламасынан өзгеше болу қажет, яғни жұмыс берушінің талаптарын қанағаттандыратындай шарттарды қамтамасыз ету керек. Мысалы, болашақ информатика мұғалімдерін даярлау барысында жыл сайын мектеп бағдарламасы өзгеріп отырады. Ол білім беру бағдарламасы 4 жылға бір рет құрылады, сондықтан білім беру бағдарламасында берілетін оқу құралдарын өзгеріске икемді болатындай құрылған дұрыс деп ойламын.

Теориялық деңгейде жүргізілген ғылыми жұмыстарды талдау нәтижесі дуальды оқыту жағдайында болашақ мамандардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыру процесінің қалай құрылуы керектігін зерттеуді де қамтиды. Талдау нәтижесі бойынша ең алдымен білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру басты мақсат ретінде ұстану қажет.

Сонымен қатар, елімізде жүргізілетін дуалды оқыту бойынша зерттеудің нәтижесінде оны жүзеге асырудың нақты әдістемелік нұсқаулықтары жоқ екендігін аңғардық. Сондықтан да өзімнің диссертациялық жұмысымда дуалды оқыту жүйесін жүзеге асыру бойынша әдістемелік нұсқаулықты құруды негізге алдым. Ол әдістемелік нұсқаулық білім беру бағдарламаларының жұмыс берушілердің біліктілік талаптарына сәйкес болу тиіс. Дуальді оқыту форматында білім берудің негізгі жұмыс бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі қызмет мынадай қадамдарды қамтиды:

1. Жұмыс берушінің біліктілік талаптарына сараптамалық бағалау жүргізу нәтижелері бойынша оларды жинақталған еңбек функцияларына топтастыру үшін талап етілетін еңбек функцияларының және оларға кіретін маңызды еңбек әрекеттерінің тізбесін, жұмыс берушінің қосымша талаптарын талдау;

2. Білім беру бағдарламасына қосымша білім беру нәтижелерін енгізу үшін оқу циклдерін, бөлімдерін, модульдерін анықтау үшін мамандықтың/кәсіптің мемлекеттік білім беру стандартын және жұмыс берушінің біліктілік талаптарын сараптамалық бағалау нәтижелері туралы есептерін салыстыру.

Төртінші педагогикалық шартқа сәйкес, дуальді оқыту жүйесінде практикаға бағытталған білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану. Мұндағы жаңа оқу әдістері ретінде STEM, CLIL әдістерін негізге алуға болады, себебі қазіргі таңда мектепте бұл заманауи әдістер тиімді түрде қолданыс табуда. Осылайша, кәсіби құзыреттер кәсіптік даярлықтың интеграцияланған және жалпыланған нәтижесі ретінде жаратылыстану және жалпы кәсіптік цикл мен кәсіптік модульдердің барлық пәндерін игеруде пәнаралық интегративті жобалаудың шешуші рөлімен қалыптасады. Ол дуальды оқыту бойынша болашақ мамандарын даярлауда білім беру мен өндірістік-практикалық қызмет кешенінің өзара тұтастығы ретінде анықталады.

Теориялық деңгейде жүргізілген талдау қазіргі білім беруде негізгі білім беру бағдарламалары мазмұнының жеткілікті практикалық және кәсіби бағыттылығы, жұмыс берушілердің түлектердің белгілі бір кәсіби құзыреттіліктерінің болуы туралы сұраныстарына назар аудармайтындығын көрсетті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы
2. С.Омарбаев Концепция развития дуальной системы обучения в Павлодарском государственном университете имени С. Торайгырова 2013-2020 г.г.- Павлодар, 2013, 10 с.
3. Макдональд, Б Подготовка специалистов среднего звена в США [Текст] / Б. Макдональд // Специалист, 2002, № 3 – С. 2–3.
4. А.К. Есентаева, Р.Б. Тортбаева Дуальная система обучения как способ подготовки квалифицированных кадров и трудоустройства молодежи.-Алматы, 2018, 56 с.
5. Shauro E. V. Dual'noe obucheniye: izopytauchastiya v pilotnom proekte // Professional'noe obrazovanie. Stolitsa. 2015. No 5. S. 43-45.